

ЖШС « Аяна » бөбекжай-бақшасының №1 педагогикалық кеңес мәжілісі хаттамасы

Тақырыбы: « Жаңа оқу жылына дайындығы»

Мақсаты: Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту жаңа оқу жылына қойылған мақсат міндеттерді айқындап бекіту.

29.08.2024 ж

Қатысушылар: 20

Қатыспағандар :

Күн тәртібі

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау

2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік хаттың мазмұнын талқылау

3. Балабақша жұмысының жылдық жоспарын бекіту, топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарын, оқу жоспарын, күн тіртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту.

4. Ағымдағы мәселелер

1) жазғы сауықтыру жұмысының қортындысы

2) 2024-2025 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкова таныстырды. Әдіскер жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту туралы ұсыныс тастады.

Балабақша тәрбиешісі Г.Абдикаримованы ұсынды, хатшылыққа армыздан бір педагогті сайлауға кімді ұсынатындықтарын сұрады.

Сөз алушы: Досмуратова Алима тәрбиеші Садыбаева Салтанатты ұсынды. Салтанат өте тәжірибелі маман жұмысына ұқыпты, берілген тапсырманы уақтылы орындайтынын айтып өтті, бұл ұсынысқа бір ауыздап мақұлдап келсіміздерін барлық педагог білдірді.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі К.Керімбаева сөз алып, биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты барлығыңыз оқып танысқан боларсыздар, ал біздің жұмысымызды жүйелі үйлестіру үшін әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген өзгерістерді өз тәжірибемізге енгізуіміз керек, биылғы нұсқау хатта көрсетілгендей ертеңгіліктердің форматын өзгертіп, байқау, көрме, т.б формада өткізу керектігін айтып өтті, сонымен қатар экологиялық тәрбиеге баса назар аудару, баланы жастайынан табиғатты қорғау, ластамау керектігін бала бойына сіңіріуіміз керектігін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша жылдық жоспары мен, топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарын, оқу жоспарын, күн тіртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілді.

4. Ағымдағы мәселелер бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкова сөз алып жаз мезгіліндегі атқарылған жұмыстардың орындалуы бойынша хабарламасы тыңдалды.

Топтардың жас ерекшеліктері анықталып ,топ құрылды және оған жауапты тәрбиешілер бекітілді.

Жиналыс шешімі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіліп,хатшы сайланды.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік хаттың мазмұны талқыланды
3. Балабақша жұмысының жылдық жоспарын бекіту,топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспары,оқу жоспары ,күн тіртібін ,ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілді.
4. Ағымдағы мәселелер талқыланып, топтарға жауапты мамандар бекітілді.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы



К.Керимбаева

С.Садыбаева

ЖШС « Аяна » бөбекжай-бақшасының №2 педагогикалық кеңес мәжілісі хаттамасы

Тақырыбы: Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру.

МАҚСАТЫ: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

20.11.2024 ж

Қатысушылыар: 20

Қатыспағандар :1

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама Тәрбиеші С.Урімбек

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К.Кериимбаева №1 педкеңестің орындалуы туралы тоқталып өтті. Онда педкеңестегі шешімді толық орындағандары туралы айтып өтті.Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкова сөз алып мен бүгінгі педкеңесті «Денсаулық туралы» астарлы әңгімеден бастағым келеді –әуен тыныш естіледі.

Ертеде құдайлар Олимп тауында өмір сүріпті. Оларға көңілсіз болады. Сөйтіп олар адамдарды жаратып, Жер планетасына қоныстандыруды шешеді. Олар ұзақ уақыт бойы адам қандай болу керек деп ойланады. Құдайлардың бірі «Адам күшті болуы керек» десе, екіншісі «Адам дені сау болуы керек», үшіншісі «Адам ақылды болуы керек», - дейді. Бірақ құдайлардың бірі Адамда бәрі болады.Адамдардағы ең басты – денсаулығын жасырып көрейік

Дейді. Олар адамның денсаулығын жасыруға шешім қабылдайды. Олар «Денсаулықты қайда жасыру керек?» деп ойлана бастады.

Біреулер денсаулықты көгілдір тнңізде, ал басқалары биік таулардың артында жасыруды ұсынды. Сіздің ойыңызша құдайлар адам денсаулығын қайда жасырды?(4К моделі,сыни ойлау)

Құдайлардың бірі «Денсаулық адамның өзінде жасырылуы керек»деген екен. Адамдар өз денсаулығын табуға тырысып, ұзақ уақыт осылай өмір сүрген. Бірақ бәрі де құдайлардың баға жетпес сыйлығын тауып, сақтай алмайды! Демек, денсаулық менің бойымда, әрқайсысымызда және әр балада жасырын болады. Сонымен,біздің бүгінгі кеңесіміздің тақырыбы «Денсаулық» тақырыбына арналады.

Миға шабуыл

Айтыңыздаршы ,біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты?(таңертеңгілік жаттығулар,серуендер, желдету,күн тәртібін сақтау,дене шынықтыру,қимылды

ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс.

Денсаулық дегеніміз не?

(Педагог жауаптары)

Бүгінгі таңда ғылымда «Денсаулық» туралы көптеген тұжырымдама жасалды. Оған толық анықтама беру оңайға соқпады. Олардың кейбірін қарастырайық (педагогтарға слайд түрінде ұсынылады)

Денсаулық – бұл оны ұйымдастырудың барлық деңгейлеріндегі ағзаның қалыпты қызметі

Денсаулық – бұл организмнің және оның қоршаған ортамен атқаратын қызметтерінің динамикалық тепе-теңдігі

Денсаулық – бұл организмнің қоршаған ортадағы үнемі өзгеріп отырып жағдайларына бейімделу қабілеті, организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау қабілеті, қалыпты және жан-жақты тіршілік әрекетін қамтамасыз ету, организмдегі тіршілік принципін сақтау.

Денсаулық – бұл аурудың болмауы, ауыр жағдай, ауыр өзгерістер.

Денсаулық — бұл негізі әлеуметтік функцияларды толығымен орындау мүмкіндігі.

Денсаулық – бұл толық физикалық, рухани, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат. Дене және рухани күштердің үйлесімді дамуы, біртұтастық принципі, өзін-өзі реттеу және педагогикалық процестің барлық субъектілерінің үйлесімді өзара әрекеті.

Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?

(педагогтар жауаптары, слайд арқылы көрсету)

Тәрбиелеу-сауықтыру, түзету және алдын алу шаралары біртұтас жүйе ретінде сабақтастық үрдісінде жүзеге асады.

Салауатты өмір салтын үйрету үшін қолданылатын технологиялар қандай?

(педагогтар жауаптары, слайд арқылы көрсету)

Таңғы жаттығулар.

Дене шынықтыру сабақтары

Қарым-қатынас ойындары

Ойын

Құм терапиясы

Нүктелі массаж

Спорттық ойынсауық мектепке дейінгі білім беру мекемесінің оқу жоспарына сәйкес өткізіледі.

Қараңыздар, сіздердің үстелдеріңізде жер үстінде ұшып тұрған боялған шарлар бар. Әуе шарының себетіне кішкентай адамдарды салыңыз. Бұл сіз және сіздің тобыңыздағы балалар. Сіздердің айналаңызда көк аспан, күн нұрын шашып тұр. Осы сапарға қандай 9 құндылықты бірге алып барар едіңіз, сіз үшін соншалықты маңыздыларын жазыңыз. (мысалы, ақша, денсаулық, отбасы, жұмыс, махаббат т.б.) Енді сіздің шарыңыз түсе бастады және жақын арада құлап кетуі қауіпі бар деп елестетіп көріңіз. Орнында тұру үшін, артық жүктен арылу керек. Артық жүкті алып тастаңыз, яғни тізімнен 3 (содан кейін тағы 3) сөзді сызып тастаңыз. Сіз тізімде не қалдырдыңыз? Әр адам өз құндылықтарын шеңбер бойымен оқиды. Жүргізуші оларды тақтаға жазады. Егер сөздер қайталанса онда плюс қойылады. Содан кейін өмірлік құндылықтарды рейтингі плюс санымен және оның қатысушылары үшін маңыздылығымен анықталады. Мысалы 1-орын - денсаулық, 2-орын – отбасы т.б.

Әдіскер: Өздеріңіз білетіндей, денсаулықты сақтау табысты тәрбие мен білім алуға, ал сәтті тәрбие мен білім денсаулықты жақсартуға ықпал етеді. Білім мен денсаулық бір-бірінен ажырамайды.

Үшінші мәселе бойынша «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын

қалыптастыру» атты баяндаманы тәрбиеші С.Урімбек оқып шықты. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берді.

Жиналыс шешімі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің толық орындалды.
2. . «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу ары қарай жандансын.
3. Тәрбиеші С.Урімбектің баяндамасы құнды деп есептелсін.

Жиналыс төрайымы :

К.Керимбаева

Хатшы:

С.Садыбаева

23.01.2025 ж

Қатысушылар: 20

Қатыспағандар :

Тақырыбы: Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы

МАҚСАТЫ:Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру»

Г.Абдикаримова баяндама

3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі

Балабақша меңгерушісі К.Кериимбаева №2 педкеңестің орындалуы туралы тоқталып өтті. Онда педкеңестегі шешімді толық орындағандары туралы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» атты баяндамасы оқылды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Садыкова сөз алып Әлеуметтік дағдылардың қалыптасуының негізгі кезеңдері, әлеуметтік дағдылардың қалыптасу деңгейі, балабақшадағы мектепке дейінгі баланың табысты әлеуметтік даму көрсеткіштері көрсетілген. Әлеуметтік дағдылар: - өз сезімдері мен эмоцияларын жеткізе білу, ересектермен және құрдастарымен (таныс және бейтаныс адамдармен) өзара әрекет жасай білу; - түрлі жағдайларда өзінің эмоционалдық жағдайын реттей білу. Әлеуметтік дағдыларды дамыту жағдайлары: - топтағы жағымды психологиялық жағдай (балаға деген қызығушылық, оны қабылдауға дайын болу, оған шынайы сену, балаға күлімсіреу, мейірімді сөздерді пайдалану). - ойластырылған заттық дамытушы орта; - құрдастарымен және ересектермен бірлескен іс-әрекет; - өзара әрекеттің жаңа тәсілдерін игеруге ықпал ететін проблемалық жағдайларды жасау. . Егер үш жылда өз бетінше киіну қиын болса және ата-анасы оған көмектессе, онда оны осы уақытта аяқ киім киуге үйрету керек.

Баланы түсінгіштігі үшін тек қана мақтау емес, ол мұны қалаған сайын істеуі маңызды. Мадақтау балада қуаныш сезімін тудырады, оның әзі бірдеңе істей алатынына, оны күш-жігерге, дербестікке итермелейтініне сенім туғызады. Осы жастағы балалар белсенді және білімпаз. Оларды қоршаған ересек адамдардың бәрі қызықтырады. Бала тек қана оларды бақылап қана қоймай, олардың әрекетіне араласуға тырысады. Ата-аналардың істеріне қатысу балада отбасы істеріне, «мен көмекшімін» ұстанымын нығайтуға қатыстылық сезімін қалыптастырады. Бұдан әрі бұл оның бірлескен белсенді ынтымақтастығының бір дәлелі болады. Ата-анасымен бірге күнделікті істерге қатыса отырып, үлкендердің мысалына сүйене отырып, балалар қажетті әлеуметтік дағдыларға ие болады. Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдар мен ата-аналардың баланың денсаулығын сақтау және нығайту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру бойынша мақсатты жұмысының нәтижесінің педагогикалық ғана емес, сонымен қатар терең әлеуметтік маңызы бар.

4. Балабақша әдіскері үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралқ даму мониторингісі бойынша топтардың нәтижесіне талдау жасап шықты. Күн тәртібіндегі қаралаған мәселелерді саралай келе төмендегідей шешімді қабылданды.

Жиналыс шешімі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің толық орындалды.
2. Тәрбиеші Г. Абдикаримованың баяндамасы құнды деп есептелсін.
3. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралқ даму мониторингісі бойынша жеке тдаму карталары жасалсын.

Жиналыс төрайымы:

К. Керимбаева

Хатшы

С. Садыбаева

